



020000, Ақмола облысы,
Көкшетау қаласы, Сәтбаев көшесі, 1 "Б"
тел./факс: (8-716-2) 25-17-64
E-mail: unmk_uo@mail.ru

020000, Акмолинская область,
город Кокшетау, улица Сатбаева, 1 "Б"
тел./факс: (8-716-2) 25-17-64
E-mail: unmk_uo@mail.ru

2017 ж. 12.04 № 483

**Аудандық, қалалық
білім бөлімдерінің басшыларына
дарынды балаларға арналған
№1, 2, 3, 4 облыстық мамандандырылған
мектеп- интернат директорларына**

2017 жылғы іс-шаралар жоспарына сәйкес Ақмола облысы білім басқармасының облыстық оқу-әдістемелік кабинеті дәстүрлі «Үздік авторлық бағдарлама» республикалық конкурсын өткізеді.

Конкурстың негізгі мақсаты – педагогикалық мамандықтың мәртебесін көтеру, дарынды балаларға арналған білім беру ұйымдары мұғалімдерінің инновациялық – педагогикалық қызметін, олардың кәсіби шеберлігін дамытуға ықпал ету.

«Дарын» РҒПО www.daryn.kz сайтында жарияланған өткізу шартына сәйкес конкурстың барлық кезеңдері бес бағыт бойынша өткізіледі:

- 1) бастауыш мектеп, тәрбие жұмысы және психологиялық қызмет;
- 2) ғылыми-жаратылыстану бағытындағы пәндер бойынша (химия, биология, география, экология);
- 3) физика-математикалық бағытындағы пәндер бойынша (математика, физика, информатика);
- 4) қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндер (тіл, әдебиет, тарих, құқық);
- 5) эстетикалық пәндер бойынша (бейнелеу өнері, музыка, дене шынықтыру, технология).

"Үздік авторлық бағдарлама" бойынша жұмыстарды сапалы тапсыру үшін аудандық, қалалық білім бөлімдері жаңалығы, өзектілігі және педагогикалық мақсатқа лайықтылығы көрсететін жұмыстарды ресімдеу және мазмұны бойынша барлық қажетті талаптарды сақтай отырып, конкурс қатысушыларының жұмыстарына жеке сараптама жүргізу қажет.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер I, II, III дәрежелі дипломдармен және аудандық, қалалық білім бөлімдерінің мақтау қағаздарымен марапатталады.

Жоғарыда көрсетілген бес бағыт бойынша сараптамадан өткен және I (бірінші) жүлделі орындарға ие болған жұмыстарды нақты ұсыныс хаттарын, жұмыстарды бағалау критерийлар бойынша (№1 қосымша) және комиссия отырысының шешімінің хаттамаларын конкурстың облыстық кезеңіне қатысу үшін жіберулеріңіз керек.

Өтінімді (№2 қосымша) және материалдарды **2017 жылғы 5 мамырға дейін** қағаз және электрондық түрлерінде ұсына отырған нысан бойынша, сонымен қатар EXCEL электрондық нұсқадағы форматта umk_uo@mail.ru электронды поштаға А. Ж.Алдабергеноваға жіберулеріңізді сұраймыз.

Іс-шараларды өткізу туралы шарттары мен ақпараттық хат "Дарын" РҒПО www.daryn.kz. сайтында жарияланған.

Конкурстық жұмыстарды 2017 жылғы 12 мамырға дейін оқу-әдістемелік кабинеті, № 116 "Эксперименттік, инновациялық, зерттеу жұмыстары» бөліміне тапсыру қажет.

Директор



Қ.Құдабаева

Орын: А.Алдабергенова
Тел: 8-(716-2)-72-18-11

